**Қысқа мерзімді жоспар**

- **Сабақтың тақырыбы:** Табиғат зоналары мен биіктік белдеулер.

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | **Физикалық география**<br>**Биосфера** |
| Педагогтің аты-жөні: | Досжанова Айгерим Ерлановна |
| Күні: | 10.12.2021ж |
| Сыныбы: | 8 «А» Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Табиғат зоналары мен биіктік белдеулер. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 8.3.4.1- табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіреді |
| Сабақтың мақсаты: | **Барлық оқушылар:** Табиғат зоналарын біледі.<br>**Көпшілік оқушылар**: Табиғат зоналары мен биіктік белдеулерді сипаттай алады.<br>**Кейбір оқушылар:** Табиғат зоналары мен биіктік белдеулердің ерекшеліктерін талдайды. |

**Сабақтың барысы:**

| **Сабақ кезеңі/ Уақыты** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>(3мин)<br><br>(8 мин)<br><br>(7 мин)<br> | **Ұйымдастыру кезеңі:**<br>1.Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>Жағымды ахуал қалыптастыру.<br><br>Оқушыларға әлеуметтік желілердің (instagram, facebook, twitter, whatsapp) суреттері бар карточкалар таратылып, топтарға бөлінеді. Карточкалардың артында сөздер беріледі, оларды құрастыру арқылы жаңа сабақтың тақырыбы анықталады.<br>1. Шөл зонасы<br>2. Тундра зонасы<br>3. Тайга зонасы<br>4. Дала зонасы<br><br>**2. «Квест конверті»** әдісін пайдаланып үй тапсырмасын сұраймыз.<br><br>**3. Жаңа сабақ.**<br>*«Ой қозғау»* арқылы жаңа сабақтың тақырыбын | Мұғалім:<br>-Оқушылар, бүгінгі сабаққа жақсы көңіл-күймен келсеңіздер оң қолдарыңызды көтеріңіздер;<br>-Сабаққа дайындалып келсеңіздер сол қолдарыңызды көтеріңіздер;<br>-География сабағын ұнататындар қолдарын шапалақтасын.<br><br>Интербелсенді тақтамен тапсырмаларды орындайды.<br><br>Жаңа тақырыпты дәптерге жазады. | Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде белсенді болған оқушыларға мадақтау сөз айтады: «Жарайсың!», «Бәрекелді!» және т.с.с.<br><br>Критериалды бағалау плакаты. | Презентация,<br><br><br>Jamboart тақтасы<br>**https://jamboard.google.com/d/1ixaK68nkUJN7fQO20t9oKc3** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ашатын видеоролик қойылады.<br>Мұғалім сөзі: Сонымен, табиғат зоналары дегеніміз- климат жағдайлары, топырақ, өсімдігі жануарлар дүниесі бірдей ендік өңір.<br>Жер шарында қандай табиғат зоналары бар?<br>Табиғат зоналарының аттары көп жағдайда зонаға тән өсімдік жамылғысына сәйкес қойылады. | | | **MZYZJ6t8MXVTRSKoGsXA/viewer?f=0**<br><br>Оқулық, жұмыс дәптерлер<br><br>Twig.kz |
| Сабақтың ортасы<br>(10 мин)<br>Топтық жұмыс<br><br><br>(7 мин)<br> | 4.«Түймедақ» әдісі арқылы постер қорғайды<br>*1.Арктикалық және тундра зонасы*<br>*2.Орман және дала зоналары*<br>*3.Шөл және шөлейт зонасы*<br>*4.Биіктік белдеулер*<br><br><u>Дискриптор:</u><br>Табиғат зонасы атауын жазса 1 балл<br>- Географиялық орнын анықтаса 1 балл<br>- Топырақтың түрін анықтаса 1 балл<br>- Өсімдік түрлерін жазса 1 балл<br>- Жануарлар түрлерін жазса 1 балл<br><br>**Тиімділігі**: жазылым қалыптасады, термин сөздермн жұмыс жасайды<br><br>**Сабақты бекіту**<br>*«Дара диаграмма»* әдісі арқылы сабақты қорытындылау.<br><u>Дискриптор:</u><br>-Табиғат зоналарының географиялық территориясын картадан көрсетеді | Тақырыпты тыңдап, тапсырманы орындайды.<br>Постер қорғайды.<br><br>Интербелсенді тақтамен тапсырмаларды орындайды. | «Бағдаршам» әдісі арқылы топтық бағалау жүргізіледі.<br><br>Бағалау парақшалары. | Оқулық, атлас, ғаламтор мәлімет тері Wordwall платфор масы<br><br>Таратпа материал дар<br><br>***https://wordwall.net/resource/26300705/copy-of-countries*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| (5 мин) | **Жеке жұмыс**<br>*«Географиялық диктант»*<br><u>Дискриптор:</u><br>-Терминдерге жауап береді | Жеке жұмыс жасайды. | | |
| Сабақтың соңы<br>(5) минут<br> | **Кері байланыс**<br>*«Мұғалімге хабарлама» әдісі.* Мұғалім таратқан қағаз ұялы телефондардың артына мұғалімге SMS хабарлама жазады. Бұл хабарлама мына сұрақтар аясында болады:<br>1.Сабақта маған не ұнады?<br>2.Нені үйрендім?<br>3.Нені түсінбедім?<br>**Тиімділігі**: оқушылар алған мәліметтерді саралауына көмектеседі.<br><br>**Үйге тапсырма.**<br>Өздерің тұратын аймақтағы табиғат зонасының өсімдіктері мен жануарларына кластер жасау | **Мақсаты**: Оқушылар жауап береді | « Стикер» арқылы<br><br>Қорытынды бағалау. Барлық тапсырмалар бойынша жауап берген ұпайларын есептеу арқылы бағалау | Презента ция |

<u>ДОІЖО: Т.М Нурмуратова</u>